

ЗАМАНАУИ МҮМКІНДІКТЕР АЛАҢЫ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Қазақстан Жоғарғы мектебінің Ұлттық ғылым академиясы ҚР Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен ашық білім беру ұлттық платформасының тұсаукесер рәсімін өткізді. Алғашқы отандық онлайн-білім беру платформасын құру бастамасына ИИДМБ-2 жүзеге асыру үшін мамандарды даярлап жатқан университеттермен қоса Қазақстанның 12 жетекші жоғары оқу орны қосылды.



Ашық онлайн-платформа жобасы ҚР-дың 2011-2020 жылдарға арналған білім беруді дамыту мемлекеттік бағдарламасын және e-learning электрондық білім беру жүйесін енгізуді жүзеге асыруға бағытталған. Ол апробациядан сәтті өтіп, бүгінгі таңда тұтынушыларға қазақстандық университеттердің сапалы онлайн-курстарын ұсынуда. Жаппай ашық онлайн курстары (ЖАОК) студенттер мен қызығушылық танытушылар үшін қосымша кәсіби құзырет алудың маңызды қайнар көзі болып табылады және ІТ-технологиялар арқылы білім беру қызметінің спектрін арттырады.

«Қазіргі таңда қазақстандық білім беру жана инновациялық мүмкіндіктерді иеленуде. Жоғары білім беру салаларының сарапшылары ЖАОК-ты 2028 жылға дейінгі білім беруді дамытудың 30 перспективалық тенденциясының айрықшасы деп атап көрсетті. Мемлекет басшысы әрқашан бәсекеге қабілетті ұлттың деңгейі оның білімімен анықталатынын баса айтады. Осы ретте ЖАОК Ұлттық платформасын іске қосу – отандық жоғары білім беру жүйесін дамыту тарихында маңызды оқиға болып табылады», – деп атап көрсетті ҚазҰУ ректоры академик Ғалым Мұтанов.

Бүгінгі таңда белгілі шетелдік ЖАОК платформалары курстардың ауқымды спектрін ұсынуда және сапалы білімді әлемнің миллиондаған тыңдаушыларына қол жетімді етіп отыр.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ЖАОК даярлау мен енгізу бойынша үлкен тәжірибесі бар. «Open EdX» (Гарвард университеті), «Coursera» (Стэндфорд университеті) білім беру жүйесінің платформасында ашық курстар апробациядан өтті. Қазақстан Жоғарғы мектебінің Ұлттық ғылым академиясы мен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ еліміздің ЖОО-лары үшін ЖАОК бойынша серверлерді басқару, технологиялық және методологиялық жағынан қолдау көрсетіп, біліктілікті арттыру курстарын әзірлеп, оларды өткізетін болады.

ҚЖМ ҰҒА және елдің жетекші Университеттер консорциумы қазіргі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды барынша қолдана отырып, сапалы білім беру бағдарламаларын жүйелі дамыту мақсатында құрылған ЖАОК Ұлттық платформасының нәтижелі жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Қазақстандық ЖАОК платформасын іске қосу отандық ЖОО-ларға тиімді желілік өзара байланысты жүзеге асыруға және курстармен алмасуға, халықаралық білім беру ортасында бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Жаппай ашық онлайн курстарын белсенді енгізудің келешегі академиялық ұтқырлықты жоғарылату есебінен отандық университеттердің халықаралық рейтингтерде позициясын жақсартуға мүмкіндік береді, сондай-ақ білім беру қызметі нарығында олардың бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

ӨЗ ТІЛШІМІЗДЕН

Пан Ги Мун отметил высокие достижения и лидирующую роль КазНУ им. аль-Фараби как Глобального хаба ООН по устойчивому развитию (UNAI). Об этом было озвучено на III международном форуме по академическому влиянию, который состоялся в Сеуле 4 ноября 2016 года.

ПРИЗНАНИЕ КАК ВЫСШАЯ НАГРАДА



Генеральный секретарь отметил ключевую роль казахстанского вуза в реализации программы действий мирового сообщества по решению насущных проблем человечества.

«Казахский национальный университет имени аль-Фараби эффективно проводит большую работу, возложенную на нее Организацией Объединенных Наций. КазНУ активно продвигает принципы и глобальные инициативы ООН и ЮНЕСКО, в рамках научных проектов осуществляет деятельность в области устойчивого развития, многие из которых реализуются студентами университета», – говорится в послании Генерального секретаря ООН Пан Ги Муна.

Генеральный секретарь ООН выразил глубокую признательность за решительную поддержку государств-членов и гражданского общества в продвижении совместной работы по реализации целей устойчивого развития.

«Для решения вызовов тысячелетия мы использовали кладезь науки и образования, изобретательность и интеллектуальный потенциал академического сообщества, мы работали над программой UNAI, которая принесла ошутимые результаты для ООН и всего мира», – озвучил послание Генерального секретаря ООН руководитель программы «Академическое влияние» – UNAI Раму Дамодаран.

Генеральный секретарь отметил ключевую роль университетов и студенческой молодежи в обеспечении человеческого прогресса. «Я приветствую дух глобального гражданства и мы вместе продолжим работу по защите всеобщих прав человека, устойчивому развитию и сохранению прочности мира на нашей планете», – передает Пан Ги Мун.

Как ведущий вуз в мире, возглавляя Глобальный Хаб ООН «Академическое влияние», КазНУ им. аль-Фараби принимает активное участие в защите экологии и окружающей среды, ведет исследования и разрабатывает проекты альтернативных и возобновляемых источников энергии, проводит работу по продвижению идей устойчивого развития.

Соб.корр.

БҮГІНГІ САНДА:

ШАНХАЙСКИЙ ВЕКТОР СОТРУДНИЧЕСТВА



АМЕРИКАЛЫҚТАР ҚАЗҰУ-ДЫ ҮЗДІК ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖОО ДЕП АТАДЫ

3-бет



СОЦИОЛОГ - ПЕРСПЕКТИВНАЯ ПРОФЕССИЯ

6-стр.



ШАНХАЙСКИЙ ВЕКТОР СОТРУДНИЧЕСТВА



Делегация Шанхайского политико-юридического университета во главе с президентом Лиу Сиахонг посетила КазНУ им. аль-Фараби.

Ректор КазНУ Галым Мутанов ознакомил гостей с достижениями, ходом трансформации вуза в исследовательский университет мирового уровня, отметил успешный опыт интеграции в глобальное научно-образовательное пространство.

Ректор подчеркнул, что КазНУ активно развивает партнерство с ведущими университетами Китая и расширение международного сотрудничества является одним из стратегических направлений работы.

Следует отметить, что КазНУ является членом Консорциума сети университетов Шелкового пути - «The Silk-road Universities Network» (SUN) и входит в Консорциум Сетевого университета Шанхайской Организации Сотрудничества. Национальный университет

является головным вузом УШОС по таким направлениям как, экология, нанотехнология и регионоведение.

Профессор Лиу Сиахонг, в свою очередь, сказала, что рада посетить ведущий вуз Казахстана и поблагодарила за теплый прием. Иностранная делегация посетила музей КазНУ им. аль-Фараби, высоко оценила богатую историю ведущего вуза страны и неоценимый вклад ученых, внесших свою лепту в становление университета.

Лиу Сиахонг провела презентацию своего университета, рассказав, что китайский вуз осуществляет подготовку специалистов по следующим профилям: юридическая наука, политология, экономика, управление и другие. Шанхайский политико-юридический университет является основным вузом Китая по разработке нормативно-правовой базы для реализации проекта «Один пояс – Один путь». В университете, где обучаются 12 тысяч человек, действует международный центр по подготовке иностранных студентов.

В ходе встречи Лиу Сиахонг выразила готовность развивать взаимовыгодное сотрудничество, в том числе по академическому обмену, проведению совместных научных исследований, а также рассмотрению вопросов открытия в Шанхайском политико-юридическом университете отделения казахского языка для студентов в Китае.

Стороны договорились в ближайшее время встретиться вновь и подписать меморандум о сотрудничестве между университетами.

ПРЕСС-СЛУЖБА

ФАКУЛЬТЕТ ТЫНЫСЫ

В библиотеке КазНУ состоялась встреча с представителями Института оборонного управления Республики Индия. Эксперты обсудили двусторонние отношения стран и актуальные проблемы безопасности в Центральной Азии.

Делегацию из Индии возглавили полковник Вооруженных Сил Бадринах Правин и атташе по вопросам обороны Колонел Л.С. Лидер. Военных заинтересовал опыт Казахстана в антиядерном движении и глобальные инициативы в обеспечении безопасности.

Анвар УШУРОВ

Журналистика факультетінде оқытушы ф.ғ.к. Ә.Молдабековтің ұйымдастыруымен ҚР Президенті Телерадиокешені Алматы филиалының басшысы Назгүл Әбутұрапованың шеберлік сағаты өтті.

Оның аясында студенттерге тарихи деректі фильмнің режиссурасы мен операторлық көркемдік шеберлігі, техникалық түсіру процесі туралы кеңінен мағлұмат берілді. Назгүл Мырзатайқызы студенттердің субъективті тәжірибесін байытатын, режиссерлік және операторлық шеберлігін арттыратын деректі фильмді түсіру барысындағы өзінің өмірлік тәжірибесі мен кәсіби шеберлігінің қыр-сырымен бөлісті.

Кездесу соңында Н. Мырзатайқызының журналы мен кітабы студенттерге ескерткіш ретінде тарту етілді.

Гүлдана ИСАЕВА,
журналистика факультетінің
4-курс студенті

ҚазҰУ-дың механика-математика факультетінің 1-курс магистранттары ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығы қарсаңында республикалық Орталық мұражайда болып қайтты.

Әсем ғимараттың залдарын аралап, еліміздің қалыптасу кезеңдері мен осы күнге дейінгі жеткен жетістіктеріне шолу жасап, құнды мағлұматтар алды. Музейдің әр залы көне тарихымыз бен жарқын болашағымыз жайлы сыр шертіп тұр. Әсіресе, Қазақстанның егемендік алған 1991 жылдан бастап бүгінгі күнге дейінгі тарихын баяндап тұрған төртінші зал оларды ерекше толғандырды. Еліміздің әр жеткен жетістігінде Елбасымыздың үлесі мол. Мұражайдағы көрмелер әр ізденушінің «еліміз бен Елбасының үмітін ақтайтын мықты маман болуға тиіспін» деген қағиданы ұстануына түрткі болады.

Ж. ЖҮНІСОВА, профессор
А. ИЛЕСОВА, 1-курс магистранты

А. КАМАЛДИНОВА

РЕКТОРАТ

Работа на ПЕРСПЕКТИВУ

Приятной новостью на расширенном заседании ректората стало известие о высоком признании достижений КазНУ им. аль-Фараби Организацией Объединенных Наций и ЮНЕСКО. Ученый секретарь Л. Шайкенова ознакомила участников ректората с письмом Генерального секретаря ООН Пан Ги Муна, в котором отмечается лидирующая роль КазНУ как Глобального хаба ООН по устойчивому развитию (UNAI). Об этом было озвучено на III международном форуме по академическому влиянию, который состоялся в Сеуле 4 ноября 2016 года.

Также было объявлено, что семь ученых КазНУ стали лауреатами международной премии «Springer Top Author». Независимая награда, учрежденная крупнейшим международным издательством «Springer Nature» совместно с АО «Национальный центр научно-технической информации» присваивается за вклад в области науки и техники. Следует отметить, что каждая третья публикация казахстанских авторов в журналах данного издательства - это статьи ученых КазНУ, что позволило университету занять первое место среди вузов страны в номинации «ТОП организация».

Заседание продолжилось награждением дипломами магистрантов факультета философии и политологии, которые



освоили программу двудипломного образования «Превентология в молодежной среде». Программа была утверждена совместно с Уральским федеральным университетом им. Первого Президента РФ Б.Н. Ельцина для специальностей «Социальная педагогика и самопознание» и «Социальная работа».

На повестке дня очередного заседания ректората рассматривались несколько актуальных вопросов. В частности, первый проректор М. Буркитбаев выступил с сообщением об утверждении хозрасчетных центров кафедр и факультетов. На сегодняшний день в университете насчитывается 143 хозрасчетных структур.

Директор ЦПР «Абитуриент» Д.К.Калиакпар выступила с докладом

о задачах профориентационной работы на 2016-2017 учебный год. Данный вопрос вызвал живое обсуждение и дискуссию. Свои мнения и предложения по этому направлению работы высказали проректор Ш. Джаманбалаева и А. Хикметов, руководители подразделений вуза, деканы факультетов.

В числе приоритетных задач профориентационной деятельности стоят использование новых технологий и социальных сетей, интегрирование «Виртуальной академии школьников» в работу интернет-платформы open.kaznu.kz, информирование о конкурентных преимуществах КазНУ, создание интернет-версии журнала «Al-Farabi.kz» и др.

Америкалықтар ҚазҰУ-ды ҮЗДІК ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖОО деп атады



Беделді «The Best School» америкалық ұйымы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ды Қазақстанның үздік жоғары оқу орны деп атады.

Жыл сайын аталмыш ұйымның тәуелсіз бағалауы негізінде әр елде үздік ЖОО анықталады. Мысалы, АҚШ-та – Гарвард университеті, Ұлыбританияда – Кембридж, Канадада – Торонто, Ресейде – М. Ломоносов атындағы ММУ, Қытайда – Цинхуа, Жапонияда – Токио, Оңт. Кореяда – Сеул ұлттық университеті, Түркияда – Ыстамбұл университеті, Сауд Арабиясында – Кинг Абдулазис университеті.

Атап өту қажет, «The Best School» ұсынған жоғары оқу орындары рейтингі шетелдік студенттер мен ата-аналары үшін әлем бойынша үздік университетті таңдауда жол көрсетуші болып табылады.

Рейтингке ерудің басты талабы, ең алдымен, білім беру сапасы. Сонымен қатар ЖОО-ның ғылыми-зерттеу қызметі, білім беру бағдарламаларының сапасы, академиялық бедел, ғылыми жетістіктер, түлектердің табыстылығы, инфрақұрылымдық даму деңгейі және тағы басқа көрсеткіштер есепке алынады.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың халықаралық рейтингтердегі көш-басшылық орындары – университет ұжымының білім беру мен ғылыми-зерттеу қызметін интернационализациялау және халықаралық бәсекеге қабілеттілікті арттырудағы жүйелі жұмысының жемісі.

ӨЗ ТІЛШІМІЗДЕН

Недавно в стенах университета в рамках договора о сотрудничестве на факультете международных отношений побывал доцент кафедры международного права Всероссийской академии внешней торговли Министерства экономического развития РФ (ВАВТ) Илья Лившиц.

ОПЫТ КАЗНУ ЗАИНТЕРЕСОВАЛ МОСКОВСКИХ КОЛЛЕГ

Руководство факультета ознакомило гостя с ходом реализации инновационных педагогических технологий, с опытом организации учебного процесса и его достижениями.

Во время встречи было отмечено, что КазНУ, активно внедряя инновационные технологии в учебный процесс, в 2016 г. вошел в топ-250 лучших вузов мира, заняв высокое 236-е место в престижном мировом рейтинге университетов QS.

По мнению российского ученого, доцента кафедры международного права ВАВТ Ильи Лившица, ведение электронного журнала преподавателями в системе Универ, проведение итогового контроля по дисциплинам в письменной форме и проверка результатов исключительно альтернативными преподавателями, являются уникальным новшеством для многих вузов, отражающим позитивные методы ведения учебного процесса. Во время встречи было проведено открытое занятие с использованием интерактивных методов преподавания.

В порядке обмена опытом доцентом И. Лившицем были прочитаны лекции для студентов старших курсов специальности «Международное право». В ходе совместных обсуждений был намечен ряд мероприятий по обмену студентами в рамках программы по академической мобильности, организации совместных публикаций, созданию на факультете международных отношений в КазНУ при поддержке ВАВТ Центра ВТО. Отмечено, что такие контакты позволят поднять еще на более качественный уровень подготовку студентов двух дружественных вузов.

М. САМАЛДЫКОВ,
доцент кафедры международного права, к.ю.н.

Н. НОЯНОВ,
Қазақстан тарихы кафедрасы
меңгерушісінің орынбасары;
С. ДОСҚАЛИЕВА,
2-курс магистранты

Тағылымды ДЕМАЛЫС

Жуырда Алматы қаласында «Глобус» сауда орталығының «Кинопарк» кино залында «Испытание» атты тарихи фильм көпшілікке ұсынылды. Университетіміздің қолдауымен тарих, археология және этнология факультетінің 40 студентіне тарихи кинокартинаны тегін көру мүмкіндігі бұйырды.

ТАРИХИ КЕЗДЕСУ

Жуырда тарих, археология және этнология факультетінде «Айналанды нұрландыр» жобасы аясында Қазақстан тарихы кафедрасының ұйымдастыруымен тарих факультетінің 1971 жылғы түлегі, елімізге белгілі ғалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор Мұрат Әбдіров Жеткергенұлымен кездесу өтті. Шараға тарих, археология және этнология факультетінің ұстаздары, студенттері мен докторанттары қатысты.



Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі, профессор Б.Б. Кәрібаев кездесуді кіріспе сөзбен ашып, университет ректоры академик Ғ.Мұтановтың бастамасымен жүргізіліп жатқан «Айналанды нұрландыр» жобасы жайында айтып өтті. «Бүгінгі жарқын кездесу сол жобаның жүзеге асырылып жатқанының көрінісі», – дей келе, ол профессор М.Ж.Әбдіровтың өмір жолы және ғылыми шығармашылығы жөнінде баяндап берді. Факультет деканы, доцент М.С. Ноғайбаева Мұрат Жеткергенұлына университет атынан «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға – 80 жыл» мерейтойлық медалін табыс етті.

Профессор Т.О. Омарбеков Мұрат Жеткергенұлының еңбек жолына тереңінен үніліп, «История казачества», «Кучим хан: известные и неизвестные» атты монографияларының отандық тарихнамада алатын орындарына ерекше мән берді.

Танымал ғалым өз кезегінде университетте оқыған жылдары, курстас достары, ұстаздары, тарих ғылымына келуі, ғылым жолының қиын да қызықты жолдары жөнінде әңгімеледі. Өзі зерттеген казачество тарихына, Көшім ханның тарихы мәселелеріне тоқталды. Студенттер үлкен қызығушылықпен тындап, өз тараптарынан сұрақтар қойды. Тарих, археология және этнология факультетінің 1-курс студенті, суырып салма акын Рамазан Амантай профессорға өлең жолдарын арнады.

Өмірі өнегеге, ғылыми ізденістерге толы ғалыммен болған кездесуден болашақ тарихшылар үлкен ой түйді. Студенттер үшін бұл кездесу тарихи оқиға болды.

М.Қ. ДАУЫТБЕКОВА,
куратор-эдвайзер,
т.ғ.к., доцент м.а.;
Ә. КЕҢЕСОВ,
2-курс студенті

БҰҰ Бас хатшысы Пан Ги Мун Академиялық ықпал бойынша III халықаралық форумда ҚазҰУ-дың БҰҰ жаһандық хабы ретіндегі жоғары жетістіктері мен жетекші рөлін атап өтті

СОЦИАЛЬНО-БИОЛОГИЧЕСКИЕ И ЭКОЛОГИЧЕСКИЕ

ДІНИ СЕНІМ ТАҢДАУЫ

Жуырда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Нұр» дінтанушылар клубы Орталық Азия университетінде «Қазақстан жастарының діни сауаттылығының қазіргі жай-күйі және қалыптасқан мәселелер» атты бірлескен дөңгелек үстел өткізді. Жиынға қос университеттің оқытушылары және студенттері қатысты. Дөңгелек үстелді өткізудегі ең негізгі мақсат – қазіргі жастардың зайырлы қоғамдағы дін феноменіне қатысты дұрыс түсініктерінің болуын қамтамасыз ету және оларды ұлттық болмысымызға жат діни ағымдардан сақтандыру.

Дін тақырыбындағы республикалық ақпараттық-насихаттық топтың мүшесі, «Нұр» дінтанушылар клубының жетекшісі Қ. Бағашар кіріспе сөзде қазіргі кезде діни сауаттылықтың әлсіздігі әсерінен жастардың түрлі діни ағымдарға мүше болып кетіп жүргенін атап өтті. Қ.Бағашар өз сөзінде Қазақстан қоғамының тұрақтылығына қауіп төндіретін діни ағымдардың шынайы мақсаттарын баса көрсетіп, ол ағымдар жастарды өз қатарына тарту үшін барлық заманауи мүмкіндіктерді пайдаланып жатқанын айтты. Мұндай діни ағымдардан сақ болу үшін өзіміздің дінімізді, ділімізді, ұлттық қайнар көздерімізді білуге тиіс екенімізге тоқталды. Ал Орталық Азия университетінің педагогика және гуманитарлық ғылымдар кафедрасының менгерушісі Д. Тәнірбергенова жана діни ағымдар қазақтың дәстүрлі танымына қайшы келетін идеяларды насихаттап жүргенін, сол себепті жастардың еліктеушіліктен аулақ болу керектігін жеткізді.

Басқосуға жиналған студенттер жастардың діни сауаттылығы мәселесін талқылауда жоғары белсенділік көрсетті. «Не себепті жастар түрлі діни ағымдарға мүше болады?», «Діни ағымдардың жастарды тарту әдістері қандай?», «Жастардың рухани иммунитетін қалай күшейтеміз?» деген сұрақтарды әл-Фараби атындағы ҚазҰУ және Орталық Азия университеті студенттері өздерінің ғылыми-зерттеу мақалаларында талдады. Бүгінгі күннің өзекті мәселесін жас буынның өз тарапынан талдауын және мәселелердің шығу себептерін іздеуін жақсы көрсеткіш деп бағалауға болады.

Жиын соңында Орталық Азия университетінің педагогика және гуманитарлық ғылымдар кафедрасының менгерушісі Д. Тәнірбергенова ҚазҰУ-дан келген әріптестеріне және студенттерге ерекше алғыс білдіріп, дін тақырыбындағы сауалдар белсенді түрде талқыланған осы мәжіліс өз мақсатына жеткенін атап өтті. Қос университет өкілдері қорытынды пікірлерін білдіріп, осы жиын барысында айтылған ұсыныстарды іске асырудың маңыздылығына тоқталды. Сонымен қатар ғылыми-әріптестік байланыстарды бұдан әрі де жалғастыра беруге уағдаласты.

А.Д. ҚҰРМАНАЛИЕВА,
дінтану және мәдениеттану
кафедрасының меңгерушісі;
Е. ӘСКЕНҰЛЫ,
«Дінтану» мамандығының
2-курс магистранты

ОСНОВЫ ИЗУЧЕНИЯ СОЦИОЛОГИИ

Очередное заседание научного семинара кафедры социологии и социальной работы посвящено анализу социально-биологических и экологических основ изучения социологической науки. Цель семинара – научить людей социально-биологическими и экологическими основами изучения социологии, а также анализировать, синтезировать и оценивать социальные процессы, их связи с результатами биологических и экологических законов. В качестве эксперта был приглашен доктор биологических наук, профессор Айтхожа Бегалиев – первый директор Института экологии, известный казахстанский ученый генетик и эколог, руководивший институтом с 1993г. по 2000 год.

аналога витамина Е. На основании анализа была разработана и внедрена примерная схема для организации генетической службы на промышленных предприятиях с учетом необходимых материальных затрат.

А. Бегалиев – специалист в области общей и экологической генетики; провел фундаментальные исследования по выяснению молекулярных механизмов возникновения мутаций при действии радиации и механизмов радиозащитного действия химических протекторов.

Ученый впервые в Казахстане развил новое фундаментальное направление науки «Эколого-генетический мониторинг природной среды и здоровья населения». Начиная с 1986 г. проводит скрининговые исследования по оценке генетических последствий ядерных испытаний в районах, прилегающих к Семипалатинскому ядерному полигону. Результаты исследований А.Бегалиева послужили обоснованием для включения Егиндибулакского и Каркаралинского районов Карагандинской области к территориям, пострадавшим от испытаний ядерного оружия. Внесен определенный вклад в улучшение социально-экономических условий населения этих районов.

На семинаре также была отмечена деятельность профессора А.Виталиева, который вложил много сил и энергии в организацию Научно-исследовательского института проблем экологии. Под его руководством разработаны Государственные стандарты, учебные планы, типовые программы для бакалавриата и магистратуры по специальностям «Экология» и «Экология и природопользование», которые сейчас используются всеми вузами РК. По инициативе профессора А.Виталиева на базе НИИ проблем экологии в КазНУ им. аль-Фараби впервые в республике открыт междисциплинарный диссертационный совет с правом присуждения ученой степени доктора биологических наук по специальности «Экология».

Заведующая кафедрой Г.Абдирайымова, подводя итоги научного семинара поблагодарила эксперта за ценные советы преподавателям и студентам.

Кенес БИЕКЕНОВ,
доктор социологических наук, профессор



Эксперт и ораторы отметили, что под условиями труда понимается внешняя среда, окружающая человека в процессе производства. Это комплекс факторов, действующих на здоровье и работоспособность человека в процессе труда. Участники семинара – профессор Г. Абдирайымова, М.Садырова, Б.Кылышбаева, М.Пузиков, доцент Т.Морозова, Д.Мамытканов, С.Серикжанова, Г.Кенжакимова, С.Дуйсенова, отметили, что условия труда могут быть социально-экономические, психофизиологические, санитарно-гигиенические, эстетические и социально-психологические. Эти факторы, по мнению ораторов, составляют основу производственной среды. Объективная оценка их фактического состояния позволяет подразделить их на нормальные, вредные, особо вредные, травмоопасные. К условиям труда участники семинара подошли с точки зрения профессий социолога и социального работника.

В этом направлении активную работу в подготовке будущих кадров проводит эксперт А. Бегалиев. Эксперты отмечали, что методологической концепцией социально-биологических и экологических основ стало осмысление взаимоотношений «человек-природа», а также со «второй природой», порожденной человеком.

С наступлением эры индустриального развития появился такой феномен, как условия труда. Теперь мы сосредоточиваем внимание на взаимодействии человека

как субъекта труда со средствами и предметами труда. Дело в том, что условия труда упираются в биологическую природу человека. Человек, будучи живым существом, нуждается в определенной температуре, чистом воздухе, питании, защите от вредных воздействий окружающей среды. С наступлением индустриализации человек окружил себя машинами, поместил себя в огромные цеха, и в его трудовой жизни многое изменилось. Помимо экономического, технического, социально-психологического, управляющего, творческого, конфликтного человека, возникла идея социально-биологического человека, когда производственная среда влияет на работника как на биологическое существо.

Выступившие отметили, что Айтхожа Бегалиевич является известным ученым в области экологической культуры, внесшим значительный вклад в решение практических задач охраны окружающей среды. Он разработал и внедрил методы оценки генетической опасности соединений хрома как фактора краевой патологии на организм человека и животных.

В целях предупреждения отрицательных последствий загрязнения окружающей среды хромом А. Бегалиев впервые на опытах на лабораторных животных показал антимуtagenную активность (способность защищать от генных и хромосомных мутаций) а-токоферола, природного

«Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» дегендей, осы өмірде қол жеткен жетістігіміз бен биігіміздің ар жағында қашан да ұстаз деген ұлы есім тұрады екен. Олар өмірге деген көзқарасымызды қалыптастырып, білім мен ғылым жолында үлкен тәрбие береді. Осындай өр тұлғалы ұстаздарымыздың бірі – ҚазҰУ-дың физика-техникалық факультетінде көптеген жылдар бойы еңбек еткен ф.м.-ғ.к., доцент Нағметжан Байтенұлы Қадыров биыл мерейлі 80 жасқа толып отыр.

Өнегелі ұстаз

«Тынық мұхиттың темір-марганецтік конкрецияларындағы уран және торий изотоптары» тақырыбында диссертация қорғады.

Н.Б. Қадыровтың 40-тан аса ғылыми еңбегі, оның ішінде оқу процесінде екі тілде оқытуды дамыту және қазақ тіліндегі оқулықтардың жетіспеушілігін жою мақсатында елімізде тұңғыш рет қазақ тілінде ядролық физика саласы бойынша «Ядролық физика негіздері» және «Ядролық физика» оқулықтарын жарыққа шығарды. Бұл кітаптар Қазақстанның жоғары оқу орындарында қазақ тіліндегі ең басты оқулық ретінде қолданылуда. Сондай-ақ ол жалпы физика курсының ядролық физика бөлімінің «Физика», «Техникалық физика» және «Астрономия»



мамандықтарына үлгілік және оқу бағдарламалары мен сынақ тапсырмаларын дайындауға қатысты. Физика-техникалық

факультет студенттеріне ядролық физика пәні бойынша жоғарғы дәрежеде дәріс беруде әрі қазақ тілінде оқытуда тәжірибесі мол. Еліміздің түкпір-түкпірінде қызмет істеп жүрген мамандардың жаратылыстану бағыты бойынша ағайдан тәлім-тәрбие, дәріс алмағаны кемде кем.

Нағметжан Байтенұлы – отбасының тірегі, ардақты Күләш жеңгеймен бірге немере-шөбере сүйген бақытты жан.

Ұжымның, шәкірттерінің үлкен құрметіне бөленген өнегелі ұстаз, камкор әке Нағметжан Байтенұлы Қадыровты кафедра ұжымы атынан мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз. Сізге зор денсаулық, қажымас қайрат, отбасыңызға амандық-саулық, бақ-береке тілейміз.

**Б.Т. ДОСАЕВА,
Г.А. УСАБАЕВА,**

теориялық және ядролық физика кафедрасының аға оқытушылары

Қазақтың Сөзлесі

Тарих ғылымының докторы, профессор Сәуле Хатиятқызы Барлыбаеваның көрнекті ғалым ғана емес, сондай-ақ спорт жұлдызы екендігін бүгінгі жастардың бірі білсе, бірі біле бермейді. Мейлінше қарапайым, қолынан келген көмегін көпшіліктен аямайтын абзал жан Сәуле ханым Қазақстан спорты жылнамасына өзінің жарқын беттерін жазды.



тамсанбай қоймауға болмас. Және олар барлық қазақ қыздарына үлгі екені сөзсіз» дейді қаламгер. Осы пікірдің растығын профессор Сәуле Барлыбаеваның ғылымдағы және өмірдегі жолы айғақтай түседі. Ол сырыққа құрық жалғаған тоқсаныншы жылдардың қиын-қыстау кезеңінде журналистік жұмыстан ғылым мен білім бағытына бет бұрды. «Оқу инемен құдық қазғандай» дейді қазақ. Сондай-ақ ол құдық сол кезгі Одақтың мандайалды жоғары оқу орны – М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті болса, иненің темірдей тегеурінді болатыны түсінікті ғой. 1992 жылы журналистика факультетінің аспирантурасын бітірген соң кандидаттық дипломын алды. Көп ұзамай докторлық атакқа да қолы жетті. Сәуленің докторлық жұмысының тақырыбына бір сәт көз салып көріңізші: «История развития информационного общества в странах Юго-Восточной Азии (на примере Малайзии и Сингапура)». Қиын да қызғылықты мәселені өз деңгейінде көтере, зерттей білген Сәуленің еңбегі еленіп, атағынан ат үркетін профессор лауазымын иеленді.

Мақсат адамды алға жетелейді. Сәуле Хатиятқызы өзі түлеп ұшқан алтын ұя – Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетінде кафедра менгерді. Ұлы ұстазы, қазақ тележурналистика ғылымының негізін қалаушы, ұлттың ұлық азаматтарының бірегейі, профессор Марат Кәрібайұлы Барманқұлов атындағы телерадио кешеннің директоры болды. Жемісті шығармашылық жұмысты зерделі зерттеушілікпен ұтымды ұштастырып, 130-дан аса ғылыми еңбектің, оның ішінде монографиялардың, атап айтқанда «Казахстан: информационно-коммуникационная инфраструктура», «Коммуникация в жизни подрастающего поколения», «Современные СМИ Казахстана в эру глобализации», «Массовая коммуникация: перспективы развития», «Новые медиа в мире и в Казахстане» сияқты сүбелі туындылардың авторы атанды. Бүгінде баспасөз және электрондық бұқаралық ақпарат құралдары кафедрасының профессоры Сәуле Барлыбаева магистратурада радиохабар дайындаудың тәжірибелік курсы, телевизия және радиобағдарламаларды дайындаудың технологиясы, тележурналистика негіздері, тележүргізушінің

шеберлігі, телесұхбат дайындаудың тәжірибелік курсы, телехабар жасаудың технологиясы, тікелей эфирде жұмыс істеу шеберлігі пәндері бойынша дәріс оқиды. Ал магистратурада заманауи медиатеологиялар, сандық журналистика және жаңа технологиялар; докторантурада ғылым мен инновациялар ақпарат кеңістігінде, жаңа медиа құралдары редактурасы, интернет-коммуникацияның дамуы және қоғам, қазіргі медиаанализ сияқты күрделі білім негіздерін үйретеді.

Сәуле ханымның жемісті зерттеушілік және оқу-әдістемелік қызметі еленіп-ескеріліп, ол 2007 жылы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантына ие болды.

Қазақтың «жақсыдан жаман туса да, жаманнан жақсы туса да, тартпай бір қоймас тегіне» деген ата-тек жөніндегі керемет нақылы бар. Сәуле Хатиятқызының өмірде қол жеткізген толайым табыстарының сырын алыстан іздеп қажеті жоқ. Оның әкесі Хатият Хабибұлы Қара теңіз флотының әскери ұшқышы болып, Екінші дүниежүзілік соғыста ерен ерлік үлгісін көрсетсе, ал атасы, Қазақ КСР-ның еңбек сіңірген дәрігері, медицина ғылымының кандидаты, профессор Хабиб Ақтайұлы Барлыбаев өткен ғасырдың орта шеніндегі ұлт зиялылары шоғырының көрнекті өкілі болатын. Хабиб Ақтайұлы атакты режиссер Шәкен Аймановтың әйгілі «Біздің сүйікті дәрігер» фильмі бас кейіпкерінің прототипі болып табылады. Хабиб Барлыбаев ұлы ақын, дала данышпаны Жамбыл Жабаевтың жеке дәрігері болған, сондай-ақ ол ұлтымыздың абзал азаматтарының бірі, сол кезеңде Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысы болған Жұмабай Шаяхметовтың денсаулығын бақылап отырған. Қасиетті Баянауыл өңірінің тумасы Хабибтің туған ағасы Ахметолла Барлыбаев Алашорда қайраткері болған. Хабиб ақсақал 1937 жылы жазалауға ұшыраған ағасының балалары Камал, Ғинаят, Нағима, Халелді өз қолына алып тәрбиелеп, өсіреді. Осы ізгі жанұядан Барлыбаевтардың дәрігерлер әулеті түлеп ұшады.

Текті атаның ұрпағы бүгінде өз биігінен көрінуде. «Қырандар қияда қалықтайды» дегендей, біз – әріптестері, дос-жарандары Сәуле Хатиятқызына өмірде бақыт, тірлікте табыс, әдеби-журналистік және ғылыми қызметте шығармашылық шабыт тілейміз.

**Шарипа НҰРЖАНОВА,
Жетпісбай БЕКБОЛАТҰЛЫ,**

журналистика факультетінің ұстаздары

спорт тарландары өткен ғасырда Қазақстан спортының шамшырағы атанды» деп тоқтаған Сұлтанғали ағамыз «бұлардың ел тарихында алатын өзіндік орны бар» деп, әңгімесін қорытқан болатын.

Спорт әлеміндегі шамшырақтарымыздың бірі емес, бірегейі болған Сәуле Барлыбаева 1972-1977 жылдары көркем гимнастикадан Қазақстанның бірнеше дүркін чемпионы, 1976 жылы КСРО чемпионы болды. Халықаралық дәрежедегі спорт шебері атанды. Спорттағы жетістіктерін шығармашылық ізденістермен шебер ұштастыра білген Сәуле 1979 жылы сол кездегі С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық) университетінің журналистика факультетін бітірген соң, 1979-1983 жылдары қазақ теледидарында журналист, редактор, спорт шолушысы болып еңбек етті.

Тағы да журналист жазбасына көз жүгіртейік. «Нарықтық заманда ер азаматтардың көбі ғылымды тастап, бизнес саласына мойынсұнып жатқанда бір қолымен бесік тербетіп, бір қолына қалам алып, ғылым мен білімге, өнер мен мәдениетке, спорт пен саясатқа белсене араласып жатқан қазақ қыздарының еңбекқорлығы мен қайсарлығына

Қазақтың тұңғыш спорт комментаторы Сұлтанғали Қаратаевтың өткен ғасырдағы ұлт өрендерінің жетістіктеріне шолу жасағаны бар. Сөзіме дәлел ретінде соны келтіре кетейін. «Ол кезең Қазақстан спортына бір шок жарық жұлдыздарды, сәулесі еш сөнбейтін, есімдері мәңгі жасайтын сұңқарлар мен тұлпарларды, жақсылар мен жайсаңдарды мырзалықпен сыйлаған дәуір еді», – деп әлқисасын бастаған Сұлтекең сайыпқыран спортшыларымыздың есімдерін атап, түгендеген еді. Назар аударыңыз: «боксы Шок Бөлтекұлы, Әбдісәлан Нұрмаханов, ағайынды Махмұт пен Максұт Омаровтар, мерген Гүлшат Майлыбаева, палуан Әбілсейіт Айханов, Аманжол Бұғыбаев, Аманкелді Ғабсаттаров, шахматшы Аида Мүслимова мен Пану Әбдіқасова, желаяқ Әмин Тұяқов пен Ғұсман Қосанов, конькиші Ораз Қандыбаев, гимнастшы Алтын Батырбекова, Сәуле Барлыбаева, Сәуле Рахыметова, баскетболшы Ольга Аптаева, судопшысы Нұрлан Мендіғалиев, Асқар Оразалинов, Ерлан Аяпбергенов, футболшы Темір Сегізбаев, Сейділде Байшақов, Құралбек Ордабаев, хоккейші Қазбек Байболов, волейболшы Заңғар Жәркешев, Жәнібек Сауранбаев, Еңсебек Иманғалиев, Әктәбір Жарылғапов және казактан шыққан басқа жүзге жуық

Социолог – ПЕРСПЕКТИВНАЯ ПРОФЕССИЯ

В последний осенний месяц, 14 ноября, отмечается Международный день социолога. Из открытых источников информации известно, что в этот день в 1901 году в Париже была открыта Русская высшая школа общественных наук, которую некоторые специалисты считают первым в истории мировой науки опытом социологического факультета. Традиция празднования данного события пришла к нам из России, где впервые отметили этот праздник 14 ноября 1994 года в Санкт-Петербургском государственном университете.



Зачастую социологи ассоциируются с людьми, пристающими с опросами, анкетами или же с навязчивыми звонками на мобильный и домашний телефон. На самом деле это лишь малая часть огромной и многогранной работы. Социологов интересуют взаимоотношения людей на абсолютно различных уровнях, начиная от цивилизаций и государств, заканчивая профессиональными коллективами отдельных предприятий, организаций, фирм, учебных заведений.

Всестороннее изучение социальных процессов формирует необходимость подготовки специалистов, способных систематизировать и анализировать многообразие данных об обществе.

Подготовка профессиональных социологов успешно реализуется на кафедре социологии и социальной работы КазНУ имени аль-Фараби, здесь работают действительно профессионалы своего дела, которые не застревают на теоретическом материале, а используют все

методы современного компетентного обучения в вузах. В процессе обучения постоянно сопоставляется классический теоретический базис с современными социологическими теориями, изучаются основополагающие парадигмы и современные научные тенденции. На кафедре наблюдается преемственность научного и преподавательского опыта и знаний. Все учебные программы кафедры разрабатываются с учётом современных требований и накопленного многолетнего

опыта, что в результате позволяет выпускать компетентных специалистов, трудоустраивающихся в организациях и предприятиях различных отраслей.

Труды уважаемых профессоров кафедры социологии и социальной работы К.Биекенова, М.Пузикова, М.Садыровой, З.Жаназаровой, З.Шаукеновой, Ш.Джаманбалаевой, Г.Абдирайымовой, Г.Абдикеровой заслуживают внимания и весьма познавательны не только для будущих и практикующих социологов, но и для широкого круга общественности.

Работа социологов важна для общества, с их помощью выявляются социальные проблемы, обсуждаются интересные темы, появляются новые услуги, продукты и товары, которые отвечают требованиям и потребностям населения. Остаётся пожелать будущим и начинающим социологам: совершенствуйтесь в профессии, став профессионалом в нашей интересной специальности вы всегда будете уважаемы и востребованы.

Айжан ШАБДЕНОВА,
докторант кафедры социологии
и социальной работы, заместитель
директора Центра изучения
общественного мнения

Абай – дара, Абай – дана қазақта

Қазақ халқының тұтас бір дәуірінің ақыл-ойы мен мәдениетінің, өнері мен әдебиетінің асқар шыңын бейнелейтін кемеңгері Абайды тану қазақтың өзін-өзі тануының, басы да, соңы да десек болады!

Сол себепті қазақты тану үшін Абайды оқу қажет, ал Абайды түсіну үшін азамат болу басты шарт. Абайды тану – Абай айтқан тағлымы терен ойдан толық қорытынды шығару және оның қайталанбас дара тұлғасын қадір тұту деп білеміз. Абай атамның даралығының айнымас көрінісі, оның шығармашылық мұрасының халқымыздың ғасырлар бойы манызын жоймайтын рухани қазынасы мен тәрбие көзі болуында. Ұлы дана Абай атамдан бастау алған тәрбие көзі манызын ешқашан жоймайды. Дара тұлғалы Абай атамның жұмбақ поэзия әлемінің тылсым сырларын

ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырған Абай атамның бай әдеби мұрасын дәріптеу мақсатымен жарыс өткізілді. Бұл жарыс таныстыру, сұрақ-жауап, ақын өлеңдерін жалғастыру, тапсырма сынды кезеңдермен қамтылды. Жарысқа қатысушы поэзияға жаны құмар Райхан Утешова, Айгерім Жаппарова, Айдана Мамыр, Шынар Хадрова, Ақтолқын Қажымұқан сынды қыздарымыз жарыс барысында белсенділік танытты. 4-курс студенті Жансая Айтбекова Абай атамның әдеби мұрасынан жарысқа қатысушыларға ой тастау және кішігірім сый ретінде акынның



ашу мақсатында ҚазҰУ-дың педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының «әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының 4-курс студенттері куратор Самал Әмірғалиқызының жетекшілігімен «100 кітап» жобасы аясында жуырда «Абай – дара, Абай – дана қазақта» атты тәрбиелік іс-шара өткізді.

Аталмыш шара барысында әлемге қазақ ұлтын мойындатқан, шығармалары ғасырдан-

«Ескендір» поэмасын оқып беріп, кештегі әдемі поэзиялық серпілісті одан сайын көркейте түсті.

Әдемі әдеби поэзиялық кеш қонақтарды Абай әлеміне, Абай поэзиясына жетелеп, ерекше қайталанбас әсер сыйлады.

С. РАМАЗАНОВА,
педагогика және білім беру менеджменті
кафедрасының аға оқытушысы

Биология және биотехнология факультетінде «Хронобиология және хрономедицина» орталығының ұйымдастыруымен «Биологиялық ырғақтылық және мелатониннің организмге әсері» атты іс-шара өтті.



БИОЛОГИЯЛЫҚ ЫРҒАҚТЫЛЫҚ

Қазіргі кезде биологиялық ырғақтылықтар туралы материалдар көп жинақталуына байланысты био ырғақтылықты хронобиологияның негізі ретінде қарау қажеттілігі туындады. Хронобиологияның негізгі мақсаты – физиологиялық функциялардың тербеліс спектрлерін, олардың реттелу ерекшеліктерін, сыртқы циклдармен байланыстарын, организмнің бейімделу реакцияларындағы тербелістердің ролін, тірі жүйелердің экзо және эндогендік әсерлерге сезімталдықтарын зерттеу. Хронобиологияның космосқа, реактивтік самолеттермен ұшу барысында және сол сияқты түнгі және вахталық жұмыс атқарған кезеңдерде организмдегі био ырғақтылық процестердің бұзылуынан туындайтын десинхронозбен байланысты адам денсаулығын сақтауды қамтамасыз етуде қолданудың маңызы зор. Еңбек пен демалыс, спортпен шұғылдану мен тамақтану процесіндегі дербес биологиялық ерекшелік негіздерінде биоырғақтылық жетістіктерін практикада кеңінен қолдану мүмкіндіктері туып отыр. Биоырғақтылық заңдарын білу – жалпы және шығармашылық белсенділікті арттыруға және кәріліктің ерте пайда болмауына жол ашады.

Шарада хронобиологияны адам денсаулығын сақтауда тиімді қолдану және адам ағзасының биологиялық ырғағына тікелей әсер ететін мелатонин гормонына ерекше назар аудару керектігі, оның жас организмге тигізетін әсері мен қызметі кеңінен талқыланды.

«Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде!» деп айтылған қанатты сөздерді айта отырып, шараны ұйымдастырушылар аурудың алдын алу шаралары ретінде барлық жанға салауатты өмір салтын сақтауды ұсынды. Әрқайсымыз биологиялық ырғағымызға көңіл қойып, құнарлы тамақтар – ет, сүт өнімдерін, балықты, дәнді дақылдарды, көкөністер мен жемістерді жеткілікті мөлшерде қолданайық, ішімдіктен, темекі шегуден, жаман әдеттерден аулақ болып, дене шынықтырумен тұрақты түрде айналысайық!

Н.Т. АБЫЛАЙХАНОВА,
хронобиология және хрономедицина
орталығының төрайымы, б.ғ.к., доцент;

Г.А. ТУСУПБЕКОВА,
биофизика және биомедицина кафедрасының
аға оқытушысы, м.ғ.к.

Студенты КазНУ успешно выступили на ежегодном Республиканском конкурсе научно-исследовательских работ



ЖАЛҒАС ОРЫНБАСАР

1998 жылы Тараз қаласында дүниеге келген. Республикалық деңгейдегі Серік Томановты еске алу жас ақындар мүшәйрасының және «Жамбыл – менің жай атым, халық – менің шын атым» атты жас ақындар мүшәйрасының 3-орын иегері. Қазіргі таңда ҚазҰУ-дың журналистика факультетінің 2-курс студенті.

ТАРАЗҒА

Түскен ұлы туындыдай қағазға.
Тамсанбай көр біздің сұлу Таразға.
Ақ сәлделі Алатаудың шындары,
Аталардай сапқа тұрған намазда.

Сәмбі талдар салтанатпен тізіліп
Иледі кететіндей үзіліп.
Тойға келген құдашадай қырғыздан
Ару Талас ағып жатыр сызылып.

Ай қараса бұлт ішінен ұрлана
Шамын жағып жауап берген нұрлана.
Құс жолы мен жібек жолы түйіскен
Жер бетінде жалғыз нүкте бұл қала.

Ұялшақ қыз секілденіп Қордайдан
Күн шығады оты жанып маңдайдан.
Кешке қарай Жуалыға батады
Бақыт іздеп кеткен сынды шалғайдан.

Көлден емес, шөлден тапқан опаны
Мойынқұмым – сексеуілдің Отаны.
Бұлым-бұлым бархандардың қатары
Жусап жатқан түйелердей боталы.

Қазағымның желге тосқан туындай
Қасиетті өлке бар ма Шуымдай?!
Келгендерге емге дауа ауасы
Мас қылады саф алтынның буындай.

Ертегідей ел айтатын ертеде
Таңғажайып табиғат бар Меркеде.
Пағша мінген тақ секілді әр төбе
Тасын бассан ол да үлкен мәртебе.

Қызғалдағы қырды жапқан құландым
Көрген сайын көңіл босап қуандым.
Тұяқтары даламыздың мөріндей,
Тұлпарлары осында жүр Тұранның.

Аса, Байзақ, көрші жатқан қос аудан
Асан менен Үсен сынды дос аудан.
Төмен тартқан Аса Байзақ өзені,
Аумайды екен жібін үзген асаудан.

Қаратауым, қас батырым, айбыным
Ал Сарысу – сарқылмайтын байлығым.
Ай сұлудың айнасындай әдемі,
Билі көлім, жарқыраған айдыным.
Ұқсайтұғын жас баланың деміне
Бетін тосқан Берікқара желіне.
Таланттылар туылатын қорықтай
Тағзым керек Таласымның жеріне.

Туған өлкем, топырағыңнан жаралдым
Суыңды ішіп, топырағыңнан нәр алдым.
Қасиетінді сіңіріп ап келемін
Қоғамыма кірпіш болып қаланам.

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНА

Мызғыта алмас жауларының мінезі,
Теңдессіз күш бір армия бір өзі.
Тауға қарай аққан Теріс өзені
Секілді өрге тартып туған мінезі.

Қан майданда еткен ерлік ақталды,
Есіміңмен елің бүгін мақтанды.
Соғысқа ол жауыздықты жоюға
Ғәм соғысты болдырмауға аттанды.

Автоматын ауыстырып қаламға
Соғыспа деп ұран айтты ғаламға.
Арыменен жазды аппақ паракқа
Оқ атуға болмайтынын адамға.

Сен көтерген желбірейді ту әлі,
Отаным деп жастар белін буады.
Бауыржандай батыр туған өңірден
Мен сенемін талай батыр туады.

ҚазҰУ - менің таңғауым

Алтын ұя мектепті бітірген соң, арманым орындалып, еліміздің алдыңғы қатарлы оқу орны – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің заң факультетіне оқуға түскен едім. Алғаш оның ауласына аяқ басқаннан еңселі ғимаратты көргенде: «ҚазҰУ десе дегендей ғажайып екен» деп ойладым. Құжаттарымызды тапсырып, емтиханға дайындалып жүріп, таудың етегінде, әсем табиғат құшағында орналасқан ҚазҰУ қалашығын, оқу ғимараттарын, жатақханаларды, спорт кешенін аралағанбыз. ҚазҰУ-дың ұнағаны сонша, әлі есімде, баспалдақтарынан көтеріліп келе жатып: «Шіркін, осында оқуға түссем ғой» деп армандайтынмын. Сол жолдар білім баспалдақтарына айналып, бүгінде ҚазҰУ-да заң факультетінде 4 курста оқып келемін.



Университет қабырғасында біліммен қоса 1 курстан бастап түрлі студенттік ұйым жұмыстарына араласып, бойымдағы қабілеттерімді дамытып келемін. Қазір заң факультетінде «Елтұтқа» және Студенттер кеңесі ұйымдарының төрайымымын. ҚазҰУ-да оқып жүріп белсенді студент атану маған көп мүмкіндіктерге жол ашты. Мәселен, республикалық ғылыми жобаларға қатысуға, ғылыммен айналысуға, зиялы ортада болуға, іс-шаралар ұйымдастыруға т.б. ҚазҰУ мені өзімді тануға, шындауға үйретті. ҚазҰУ қалашығында заманауи жабдықталған интернет орталығы, спортпен шұғылданатын кешен, әртүрлі студенттік клубтар жұмыс істейтін Студенттер сарайы, ғылыми орталықтар – бәрі бар. Студенттік өмірдің қызығын молайта түсетін «ҚазҰУ аруы», «Жігіт сұлтаны», «Студенттік көктем» сияқты фестивальдер де ұйымдастырылып отырады.

Мен өз университетіммен мақтанам! ҚазҰУ-дың 80 жылдан астам аса бай тарихы Қазақстанның академиялық

ғылымы мен жоғары мектебінің дамуы және қалыптасуымен тығыз байланысты. ҚазҰУ-ды еліміздің барлық жоғары білім беру жүйесінің тірегі, білікті мамандар ордасы деуге болады. Университеттің мындаған түлектері Қазақстанның және оның аумағынан тыс жерлердегі өндірістің барлық салаларында табысты еңбек етуде. Қазақ ұлттық университеті – халқымыздың заңгер перзенттері қызмет еткен, талай талантты ұл-қыздарымыз шыққан қара шаңырақ. Ғылым мен қоғам қайраткерлерінің бірнеше буынын тәрбиелеп шығарған іргелі білім ордасы. Заман сұранысына сай заңгер мамандарды дайындауда ҚазҰУ-дың заң факультетінің алар орны ерекше. Осындай білім ошағында білім алып жатқанымна қуанамын және барша университет ұжымы мен студенттеріне биік жетістіктер тілеймін!

Толғанай ЗАКИРОВА,
заң факультетінің 4-курс студенті,
Студенттер кеңесінің төрайымы

Шіркін! Әлемдегі барлық адамдардың өз туған жеріне, өз тіліне деген шексіз құрметі мен ыстық ықыласын жинаса ғой... Мүмкін ол шалқар мұхиттай толар ма еді, мүмкін тасқынды судай болар ма еді, мүмкін асқар Алатаудай заңғар болар ма еді?! Иә, әр адамға өз Отанынан, өз тілінен асқан байлық жоқ. Туып өскен Отанымен қатар, ана тілі – әр ұлттың негізгі қасиетті белгісі, қымбат қазынасы, халықтың рухани байлығы, салт-санасы, әдет-ғұрпы, мәдениеті. Ал ол біз үшін – қазақ тілі.

Анамның тілі – ҚУАТЫМ МЕНІҢ



өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанып, ортайғанымыз толып, өз-өзімізге келуге бет алған заманда ана тіліміздің кең құлаш жайып, дамығандығына да жиырма жеті жыл толыпты. Айтуға оңай болғанымен үлкен жетістікке жету үшін талай тер төгілді. Тың бастамалар мен игі шаралардың легі толастамады. Өсер ел, ең алдымен, тілін қадірлейді. Жасыратыны жоқ, бірқатар қандастарымыз қазақ бола тұрса да өз тілін менсінбеуге құмар. Әрине, ешкімнің құқығына қол сұғуға болмайды.

Алайда, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ана тілінің ғажап байлығын ондайлардың ұғына алмайтындығына шынымен іштей қынжыласын.

Қолдануға икемді, тамыры теренге жайылған ана тілімізде айтайын деген ойымызды төте де, тура да, жанамалап та, өзін-қалжыңмен де, астарлап жеткізуге де мүмкіндігі мол. Сондықтан қазақ тілінің мәртебесін көтеріп, мерейін асқактату әрқашан күнделікті өмірде іске асырылуы қажет. Қазақ тіл мәртебесін

көтеру, ең алдымен, әр қазақ баласының, ана тілін ту еткен жоғары оқу орындары студенттерінің, мектеп оқушыларының, тіпті бүкіл отбасы мүшелерінің перзенттік парызы. Әр қазақ баласы үшін ана тіліміздің тілдік мәртебесіне – отбасынан бастап, өмірдің барлық саласында терең әрі берік тамыр жайып, құлаш жайып, гүлденіп өсуіне, шарықтауына қызмет етуден басқа қандай мақсат, мұрат бар?! Қазағымның жанарында жанып тұрған оты бар жалынды, жігерлі жастарының, елжанды, ұлтжанды ұландардың Отанын сүюі, тілін қастерлеуі – баға жетпес борышы болып саналады. «Бабалар салған сара жол, ұрпаққа болар дара жол» дейді атадан қалған асыл сөз. Қорыта келе айтарымыз, болашақ этнолог, еліміздің перзенті ретінде ғасырлар бойғы ата-баба қанымен, жанымен келген Тәуелсіздікті сақтау, тілді құрметтеу жолында аянбай еңбек ету, сол байлығымызды құрметтеу, беделін асқактатып, мерейін көтеру баршамыздың міндетіміз дегім келеді. «Адамға екі нәрсе тірек тегі, Бірі – тіл, бірі – ділін жүректегі», – дейді ғұлама Жүсіп Баласағұн бабамыз. Ендеше, тіліміз бен діліміз берік болсын, аяулы ҚазҰУ ұланы!

Қымбат КАТИЯТ,
археология, этнология және музология кафедрасының 2-курс студенті

ҚазҰУ-да «Алматы – жастар қаласы» көңілді тапқырлар клубының өзіл кеші өтті

ДЕНСАУЛЫҚ – табиғаттың ең қымбат сыйы

Жуырда халықаралық қатынастар факультетінде «Салауатты дене мәдениеті» жобасы аясында «Салауаттық – өмір негізі» атты флешмоб өтті. Оған факультет басшылары мен 1-курс студенттері қатысты.



Студенттердің салауатты өмір салтына көңіл бөлуі, ол туралы оң көзқарас қалыптастыруы, салауатты өмір салтын насихаттау – осы іс-шараның басты мақсаты болып табылды.

Шара барысында 1-курс студенттері – Диана Семькина «Салауатты өмір салты- өмір негізі» атты баяндама-презентациясын көрсетіп, адам денсаулығына зиян тигізетін – темекі, алкоголь және есірткінің зияны жөнінде

көптеген деректер келтірді. Ал Мадия Глеулина – «Салауаттық-өмір негізі» баяндамасында салауатты өмір салтын қалай ұстану керек, оның маңызды шарттары жөнінде құнды ақпараттармен бөлісті. Сонымен қатар Қайрат Рахматулла, Ирина Цой, Аружан Салилар алдын ала түсіріп, дайындап әкелген бейнебаяндарын назарға ұсынып, бәрінің көңілінен шықты. Бейнебаян авторлары темекі, алкоголь және есірткінің

зияндығынан зардап шеккен адамдардың қорқынышты суреттерін көрсетті. Қайрат Рахматулла: «Мені қуантатыны, қазіргі таңда салауатты өмір салтын ұстануға көп көңіл бөлінуде. Біздің ҚазҰУ-да спортпен шұғылдануға жастарға керемет жағдайлар жасалған. Мысалы, үлкен спорт кешеніміз, жақында ашылған Д.Баландин атындағы бассейніміз бар. Біздің елімізге дені сау, белсенді азаматтар қажет. Салауатты өмір салты дегеніміз – біріншіден, дұрыс тамақтану, күн тәртібін дұрыс пайдалану, спортпен шұғылдану. Әрбір адамның сау, сергек, жігерлі және белсенді болуы өзі үшін жақсы жағдай екендігін түсіне білуі керек. Салауатты өмір салты – денсаулықтың және табыстың кепілі», – деп өз пікірін ортаға салды.

Көпшіліктің көңілінен шыққан шараны халықаралық қатынастар факультетінің деканы, профессор К.Н. Шакиров және дипломатиялық аударма кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.д. Ұ.Е.Мұсабекова қорытындылап, оқытушылар мен студенттерге шығармашылық табыстар тіледі.

Сафура БӨРІБАЕВА,

ф.ғ.к., дипломатиялық аударма кафедрасының доценті

ҰЛТЫМЫЗДЫҢ РУХЫНА, КҮШ-ҚАЙРАТЫНА АРҚА СҮЙЕУІМІЗ КЕРЕК

Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығына орай, тарих, археология және этнология факультеті «Айналады нұрландыр» жобасы аясында белгілі саясаттанушы, публицист Айдос Сарыммен кездесу ұйымдастырған еді. Кездесудің негізгі мақсаты – болашақ тарихшылардың тәуелсіздік жылдарындағы елдің саяси жағдайымен, мемлекетіміздің әлем аренасындағы орны мен болашақтағы бағыт-бағдарын айқындау.



Әсерлі басқосу қазіргі кездегі орын алып жатқан ахуалдар мен түйткілді мәселелер жайымен бастау алды. Құрметті қонақ қазақ халқының рухани болмысын, асыл қасиеттерін айта келіп, «халық», «жұрт», «ел» деген сөздердің этимологиясына тоқталды. Тарихшы студенттерге қазақ халқының шығу тарихы, бүгінгі күннің бағындырған шырлары, оның мәртебесі туралы зерделі ой салды. Студенттердің көкейінде жүрген сұрақтарына дәйекті де нақты жауап беріп отырған қоғам қайраткері саясатқа қалай келгенін және мықты саясаткер болу үшін қандай ұстанымдар керек екенін де айтып берді. Факультетіміздің түлегі студенттерге «Тарихсыз болашақты елестету мүмкін

емес», – дей отырып, тарих мамандығын тандаушылардың болашағы нық боларына сенім білдірді. Саясаткер болашақ ұрпақ тек шындықты айтуды әдетке айналдырып, жетістікке жетудің бір жолы мамандықтарыңды жете танып білуден басталады дей келе, тарихшыларға тарихпен бірге болашақтарыңды жандандырыңдар деген тілек білдірді.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл толуына байланысты осы уақыт аралығында жеткен жетістіктер мен белестерді тізбектеп өткен Айдос Сарым елдігіміздің баянды болуы болашақ жастарға байланысты екенін баса айтты.

Студенттердің көңілінен шыққан бұл кездесу жастарға тағылымды сабақ болғаны анық. Студенттердің бос уақытын берері мол шараларға арнап отырған тарих, археология және этнология факультеті алдағы уақытта да осындай іс-шараларды көбейте бермек.

А.Қ. БЕЙСЕҒҰЛОВА,

археология, этнология және музеология кафедрасының аға оқытушысы;

Б. ЖАРЫЛҒАСЫНОВА,

Қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті негізінде Отансүйгіштікке тәрбиелеу орталығының мүшесі

Фильм о БЕКМАХАНОВЕ

В КазНУ в рамках проектов «День отечественного кино» и «Almaty youth awards» состоялся показ фильма «Аманат».

Драма о судьбе репрессированного историка Ермухана Бекмаханова в тяжелые годы XIX века, в период самого продолжительного и крупного национально-освободительного восстания под предводительством Кенесары Касымова затронула сердца многих зрителей.

Режиссер и сценарист фильма Сатыбалды Нарымбетов показал картину о выдающемся ученом, посвятившему жизнь исследованию проблем социально-экономической и политической истории Казахского ханства. В мероприятии участие приняли главные герои и съёмочная команда фильма «Аманат», известный кинокритик, автор и ведущий программы «Киноклуб» Олег Борецкий, которые рассказали студентам об истории создания фильма и ответили на вопросы зала.

Показ и обсуждение лучших казахстанских фильмов для студентов в стенах университета стало доброй традицией. Совместный проект КазНУ им. аль-Фараби и «Казахфильм» направлен на популяризацию отечественного кино и приобщение молодежи к киноискусству.

ПРЕСС-СЛУЖБА

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор м.а.: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**
Жауапты хатшы – **Дариға АМАНКЕЛДИЕВА**
Тілшілер: **Әйгерім КАМАЛДИНОВА, Анвар ҮШУРОВ**
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**
Фототілші – **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Қарлыға ИБРАГИМОВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай: **kazuniver2016gazeta@gmail.com**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. "Бизнес-Информ" баспаханасында басылды
Тел: 2-93-09-09

Бағасы келісім бойынша. Таралымы 1000 дана Тапсырыс: №617

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.